

**БЕКІТЕМІН:**



**«Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебі» ЖИШС бас директоры  
Ы.Мәйт**  
**«07» қазан 2024ж.**

## **Республикалық VI «Алтын түлек» математикалық олимпиадасын ұйымдастыру және өткізу ережесі**

Осы ереже 10-11 сыныптар арасында өтетін республикалық VI «Алтын түлек» математикалық олимпиадасының (бұдан әрі - Олимпиада) мақсатын және міндеттерін, оны өткізудің тәртібін анықтайды.

### **1. Жалпы ережелер**

1.1. Олимпиаданы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Оқу-ағарту министрлігі «Дарын» РГПО-ның қолдауымен және «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебінің мен облыстық білім беру басқармалары бірлесе ұйымдастырып өткізеді.

1.2. Олимпиаданың негізігі мақсаттары мен міндеттері: математика пәні бойынша ерекше қабілетті балаларды анықтап, жалпы білім беретін мектептердің оқушыларын қолдау, жоғары сынып оқушыларын ғылымға баулу және педагогикалық, инженерлік-техникалық мамандықтарға қызығушылықтарын ояту, математикалық ұғымдарды талдауға, сынни тұрғыда ойлауға, күрделі есептерді шешуге дағдыландыру.

1.3. Олимпиаданың кестесі мен өткізу мерзімдерін Оқу-ағарту министрлігінің республикалық «Дарын» ғылыми-практикалық орталығының келісімі негізінде «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебі бекітеді.

1.4. Олимпиада **мемлекеттік тілде** оффлайн форматта ұйымдастырылады.

1.5. Егер қатысуши олимпиаданың кез келген кезеңінде ашықтық пен адалдық сақтамаса, нәтижесі бойынша ол мектеп екі жылға олимпиадаға қатысу құқығынан айырылады.

1.6. Олимпиада **тегін** өтеді.

1.7. Ашықтық, әділ өткізуге негізделеді.

### **2. Олимпиаданы ұйымдастыру комитеті**

#### **2.1. Ұйымдастыру комитеті құқылы:**

- Олимпиадаға жалпы басшылықты жүзеге асыруға;
- Тапсырмалардың құпиялышының қамтамасыз етуге;
- Олимпиаданы өткізудің жалпы тәртібін бақылауға;
- Олимпиаданы өткізуді ұйымдастыруды жүзеге асыруға;

- Олимпиаданы ұйымдастыру комитетінің мүшесі егер осы Ереженің жекелеген тармақтары бұзылса, кез келген қатысушының Олимпиадаға қатысуын тоқтатуға құқылы.

## **2.2. Ұйымдастыру комитеті жауапты:**

- Осы Ереже талаптарының сақталуына;
- Осы олимпиаданың мақсаттарының орындалуы мен принциптерінің сақталуына және барынша адал бәсекелестікті қамтамасыз етуге;
- Олимпиада тапсырмаларының соңғы нұсқасын дайындауға;
- Берілген тапсырмалардың ғылыми-әдістемелік деңгейіне.

## **3.Олимпиадаға қатысушылар**

3.1.Олимпиаданың барлық кезеңіне жалпы орта білім беру ұйымдарының 10-11 сынып оқушылары қатыса алады.

3.2. Мамандандырылған білім беру ұйымдарының оқушылары қатыспайды.

3.3.Олимпиадаға дәлелді-дәлелсіз себептермен қатыса алмайтын оқушылардың орны басқа оқушымен алмастырылмайды.

3.4. Оқушы келесі кезеңге өтіп, мектепті ауыстырған жағдайда оқушының дипломына (егер жүлдегер атанса) алдыңғы сұраныс негізіндегі жетекшісі жазылады.

3.5. Олимпиада кезінде қатысушыларға қатаң тыйым салынады:

- ұялы телефондар, смартфондар, ноутбуектер, ақпарат тасымалдағыштар және т. б. қолдануға;
- бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, аудиторияда еркін жүріп-тұруға;
- өз бетімен сынныптан шығып кетуге.

## **4.Олимпиада кезеңдері**

4.1. Олимпиада оқу жылы бойынша үш кезеңде өтеді.

4.2. Олимпиадаға тіркелу арнағы қосымша арқылы жүзеге асырылады.

4.2. Олимпиаданың барлық кезеңдері тапсырмалары мен нұсқаулығын «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебі әзірлейді және бекітеді.

4.3. Эр кезең бекітілген кестеге сәйкес барлық облыста бір уақытта өтеді.

4.4. Кезеңдер:

**Бірінші кезең** – білім беру ұйымдарында (мектепішілік) өтеді. Өткізу уақыты – қазан айы. Ұйымдастыру комитеті мен қазылар алқасының құрамы мектеп директорының бұйрығымен құрылады.

Мектепішілік кезеңнің тапсырмалары үш бөлімнен тұрады:

- бірінші бөлім - тест жұмыс;
- екінші бөлім - тест жұмысы;
- үшінші бөлім – бос орынды толықтыру. Берілетін уақыт – 60 минут.

Мектепішілік кезеңге қатысушының саны шектелмейді. Мектепішілік кезеңнен жоғары ұпай жинаған 5-15 оқушы аралығында (10 сынныптан – 3-10 оқушы; 11 сынныптан – 2-5 оқушы) өнірлік кезеңге жіберіледі. Өнірлік кезеңге өтетін нақты

окушы санын олимпиада өтетін орынның сыйымдылығына байланысты «Зерделі» орталығымен келісу арқылы **аудан/қала орталығының білім бөлімі** белгілейді.

**Екінші кезең** – өңірлік олимпиада кезеңі. Өткізу уақыты – қараша айы. Үйымдастыру комитеті мен қазылар алқасының құрамы білім бөлім басшысының бүйрекімен құрылады.

Өңірлік кезеңнің тапсырмалары үш бөлімнен тұрады:

- бірінші бөлім - тест жұмысы
- екінші бөлім - тест жұмысы
- үшінші бөлім – бос орынды толықтыру. Берілетін уақыт – 90 минут.

Өңірлік кезеңнен жоғары ұпай жинаған 15-30 окушы аралығында (10 сыныптан 10-20 окушы, 11 сыныптан 5-10 окушы) республикалық кезеңге жіберіледі. Республикалық кезеңге өтетін нақты окушы санын олимпиада өтетін орынның сыйымдылығына байланысты «Зерделі» орталығымен келісу арқылы **облыстық «Дарын» орталықтары** белгілейді.

**Үшінші кезең** – республикалық олимпиада кезеңі. Өткізу уақыты – сәуір айы. Облыстық білім басқармасының бүйрекі негізінде өңірлік «Дарын» орталықтары мен «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебі бірлесіп өткізеді. Республикалық кезең әр облыстың орталығында орналасқан Жоғары оку орындарының базасында үйымдастырылады.

Республикалық кезеңнің тапсырмалары үш бөлімнен тұрады:

- бірінші бөлім - тест жұмысы;
- екінші бөлім – бос орынды толықтыру;
- үшінші бөлім – шешу, дәлелдеу, есептеу. Берілетін уақыт – 100 минут.

## 5. Олимпиаданың қазылар алқасы

5.1. Республикалық олимпиаданың қазылар алқасы (бұдан әрі - қазылар алқасы) төраға, хатшы және мүшелерінен тұрады. Қазылар алқасының саны 5-9 адамнан құрылады. Олимпиада қазылар алқасының төрағасы мен құрамын әр кезеңнің жауапты өкілі анықтайды және бекітеді. Республикалық олимпиада кезеңінде қазылар алқасының құрамына «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебінің өкілдері қатысып, оқушының жұмысын тексеруде жетекшілік етеді. Олимпиаданың өтуін бақылау мақсатында республикадан арнайы өкіл жіберіледі.

5.2. Қазылар алқасының құрамына мамандандырылған білім беру үйымдарының мұғалімдері, алдыңғы қатардағы отандық және шетелдік жоғары оку орындарының ғалымдары, бұрынғы халықаралық олимпиадалардың женімпаздары енеді.

5.3. Қазылар алқасының құрамына Олимпиаданың кезеңдеріне қатысатын оқушылардың мұғалімдері енгізілмейді;

5.4. Олимпиаданың қазылар алқасы:

- 1) Оқушының орындаған жұмысына әділ баға беруді жүзеге асырады;
- 2) тапсырмалардың орындалуын бағалау өлшемдерін бекітеді, жұмыстарды тексереді және бағалайды;
- 3) олимпиадаға қатысушылардың жұмысын бағалаудағы келіспеушілікті талқылайды және қажет болған жағдайда тиісті түзетулер енгізеді;
- 4) жеңімпаздарды анықтайды және жүлделі орындарды беру үшін үйымдастыру комитетіне ұсыныс береді;
- 5) олимпиадаға қатысушылармен орындалған тапсырмаларды талқылауды және үйлестіруді жүргізеді.
- 6) Жұмыстарды тексереді және бағалайды, қатысушыларды тапсырмаларының авторлық шешімімен және жұмыстарды тексеру нәтижесімен таныстырады;
- 7) Қатысушылардың жұмысын бағалаудағы келіспеушілікті талқылайды және қажет болған жағдайда тиісті түзетулер енгізеді;
- 8) Жеңімпаздарды анықтайды және олардың тізімін үйымдастыру комитетіне ұсынады;
- 9) Олимпиадаға қатысушылармен орындалған тапсырмаларды талқылауды және үйлестіруді жүргізеді;
- 10) Аппеляцияға берілген өтінімдерді қарастырып, соңғы шешім шығарады;
- 11) Үйымдастыру комитетімен бірлесе отырып, отандық немесе шетелдік жоғарғы оқу орындарына түсуге қабілетті оқушыларды анықтайды.

## **6. Үйлестіру жұмысын жүргізу тәртібі (апелляция)**

- 6.1. Олимпиаданың барлық кезеңдерінде апелляция үйымдастырылады.
- 6.2. Үйлестірудің мақсаты - жұмыстарды бағалауда олимпиадаға қатысушылар мен қазылар алқасының мүшелері арасында толық өзара түсіністікке қол жеткізу болып табылады.
- 6.3. Жұмыстарды бағалауда барынша әділдікті және ашықтықты қамтамасыз ету үшін әрбір кезеңнен соң ютуб каналында талдау видеолары көрсетіледі. Кординациядан кейін қатысушылардың тілегі бойынша жұмыстарды үйлестіру жүргізіледі.
- 6.4 Үйлестіру жұмысын қазылар алқасының мүшесі тікелей олимпиадаға қатысушымен өткізеді.

## **7. Олимпиадаға қатысушыларды марапаттау**

- 7.1. Ұпай бойынша жүлдегерді анықтау қазылар алқасының шешімі негізінде жүзеге асады: I, II, III дәрежелі дипломдардың саны келесі пропорция негізінде белгіленеді: қатысушылардың жалпы санының 21%-дан аспайтыны III дәрежелі дипломдармен, 15%-дан аспайтыны II дәрежелі; 9%-дан аспайтыны I дәрежелі дипломдармен, 10%-дан аспайтыны грамотамен марапатталады.

7.2. Олимпиаданың ашылуы, қорытындысын шығару және қатысушыларды марапаттау салтанатты және мерекелік жағдайда өтеді.

7.3. Мектепішілік, өнірлік және республикалық олимпиадалардың жүлдегерлері тиісті білім беру органдарының бірінші, екінші, үшінші дәрежелі дипломдарымен, грамоталарымен және егер мүмкіндік болған жағдайда сыйлықтарымен марапатталады.

7.4. Республикалық кезеңнің жүлдегерлеріне Жоғары оқу орындарының белгілеген оқу гранттары мен «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебінің ҰБТ-ға дайындықтары бойынша женілдіктері табысталады.

7.5. Ұпай бойынша жүлдегерді анықтау қазылар алқасының шешімі негізінде жүзеге асады.

## **8. Қорытынды**

Олимпиада нәтижелері 3 жұмыс күні ішінде әр кезеңнің жауапты органдары ресми сайttар мен әлеуметтік желілерде жариялайды.